№6
(7795)

11 ақпан,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

# ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТІ ӘНДЕР

**БИЫЛ КОМПОЗИТОР ЕСКЕНДІР ХАСАНҒАЛИЕВ 80 ЖАСҚА ТОЛАДЫ. ОНЫҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛ БҰРЫН ЖАЗЫЛҒАН ӘНДЕРІ БҰЛ КҮНДЕ ДЕ РУХЫН ЖОҒАЛТҚАН ЕМЕС. СОНДЫҚТАН САН-АЛУАН ТАҚЫРЫПТА ӘН ЖАЗҒАН КОМПОЗИТОРҒА ДЕГЕН ҚАЗАҚ ЖҰРТЫНЫҢ ҚҰРМЕТІ ШЕКСІЗ.**

Осы орайда өткен сәрсенбіде аудандық мәдениет үйінде атақты өнші-композитор, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ескендір Хасанғалиевтың 80 жасқа толуына арналған «Айналдым елім» атты ән кеші өтті. Кешті «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының директоры Айсұлу Мамбетова мен ауданның серісіне айналған Ғабит Қазыбаев жүргізді. Әншінің өнер айдынындағы жетістіктері мен өмір жолынан сыр шертті. Белгілі композиторға арналған кештің шымылдығы бейнесюжетпен түрілді. Айта кетерлігі айтулы кеште аудан өнерпаздары мен Ойыл топырағынан шыққан облысқа танымал өнерпаздарымыз арнайы келіп, өнсүйер қауымға Ескендірдің естен кетпес есті әндерін тарту етті. Кеште шырқалған әрбір ән көрермен жүрегінен жол тауып, көңіл көкжиегін жадыратты. Көрермендер көп жиналған кеште бір айта кетерлігі әр салада қызмет етіп жүрсе де, өнерді жандарына серік еткен жандардың барлығы дерлік жанды дауыста шырқады. Қоңыр дауыстарымен Бөкір Тәжібаевтың сөзіне жазылған «Бозторғайым» өнін орындаған Мұқан Сатыбаев, «Асыл арман» өнін шырқаған Жаңылдық Бисенғалиева, «Айналдым елім» өнін орындаған Райса Ғаббасова көрермендердің қызу қошеметіне бөленді. Бұл өншілеріміз көрермендердің сұрауы бойынша тағы бір өннен шырқап сөздері салмақты, мән-мағыналы ескі әндерге сусаған жұртшылықты бір серпілтті. Әрине, ескі әндер десек те, ұлтымызға тән стилде жазылған осындай әндер өміршең болып келеді. Сондықтан айтулы кеште сексеннің сеңгіріне келген өнші ағамыздың өзі болмаса да, өнерсүйер қауымның оған деген құрметінің шексіз екендігіне куә болып қайттық. Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан өнерпаздары мен барша мәдениет қызметкерлеріне алғысын білдірді. Сондай-ақ алыстан ат терлетіп арнайы келген Мұқан Сатыбаев, Райса Ғаббасова сынды өнерпаздарға аудан әкімінің алғыс хатын табыстады.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

# «ТҰҒЫРЛЫ ЖЕҢІСТІҢ» ТІРЕГІ

Есімізге түсірсек ақшатаулық палуан қыздарымыз Толғанай Мансатова мен Ұлболсын Елубаеваның боз кілемдегі тұғырлы жеңістерімен сүйінші сұрап баспа беттеріне бірнеше рет шығарған едік. Міне қос аруымыздың күрес өнеріндегі жарық жұлдызы қатар жанды. Олай дейтін себебіміз бұрындары жарыса жарыстардан қалмай облыстық, республикалық додаларда топ жарып жүрген қыздарымыз жүлделі орындардан құр қалған емес. Ешкімге есе жібермеуге тырысты. Талай тер төгіп, үнемі дайындықтарын үзбеді. Бұл жолы Нұр-Сұлтанда өткен белбеу күресінен халықаралық бәсекеде Ұлболсын Елубаева 60 килограмм салмақ дәрежесінде жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Ақтық бәсекеде ресейлік палуанмен белдескен Ұлболсын ұпай санымен ұтып тұрған жерінен тез жеңуге ұмтылып, асығыс жасаған әдісі нәтижесінде қарсыласына жол беріп қойды. Әрине өттеген-айдегенмен Ұлболсын болашағынан көп үміт күтеміз. Алар асуы әлі алда. Сондықтан оны жүлделі жеңісімен құттықтаймыз. Ал, +60 килограмм салмақ дәрежесінде нәтижелі айлаәдісінің арқасында қарсылас шыдатпаған Толғанай Мансатова жеңімпаз атанды. Ауданның ғана емес Ақтөбе облысының намысын қорғаған қос қызымыздың жеңісі команданың ұпай санын еселеп, команда бойынша ақтөбеліктер III орынға жайғасты.

Күнінде күрес өнерінің жілігін шағып, майын ішкен Мінсізбай Жайлыбаев ағамыз күреске икемі бардың бәрін де әрқашан шыңдаумен болды. Темірдей тәртіппен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде спорт шебері атағын алған шәкірттерінің бірі Ардақ Жасақова әлемнің қола жүлдесін жеңіп алды. Шебер жаттықтырушы Мінсізбай ағамыз Ұлболсын мен Толғанайды әлем чемпионы қылуға үмітті. Күрес өнерінің арқасынды Қазақстанды толық аралап шыққан қыздарымыздың да бар мақсаты әлемді бағындыру. Олай болса халықаралық дода да қалт етпей күресіп, туған жерге тұғырлы жеңістерімен оралған қос палуан мен шағын ауылдан чемиондар шығарып жатқан Мінсізбай Жайлыбаевты құттықтап, ұстаз бен шәкірттің алға қойған мақсаттарына жетуге сәттілік тілейміз.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Тіл тіршіліктің бастауы деп бекер айтылмаған. Себебі, адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ананың өлдиінен, бесік жырынан, қоршаған ортасынан еліктеу арқылы үйренеді. Есейе келе кітаптан, қоғамнан, халықтан үйреніп, меңгереді. Осылай ана тіліміз ананың ақ сүтіндей бойымызға сіңе береді. Әркім өзінің ана тіліне деген құрметін ешқашан жоғалтпауы тиіс. Өйткені, ана тілі арқылы ғана маңайдағыны саралап ой түйетін адам өзінің еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түседі.

Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың өткені мен болашағының айқын көрінісі. Біздің тіліміз ғасырдан-ғасырға келешек ұрпаққа аманат етіліп беріліп отырған баға жетпес байлығымыз. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тіл қазақ тілі болып бекітіліп, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңы қабылданды. Аталған заңда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы мәселелер айқын айтылған. Сондықтан баршамыз келер ұрпаққа мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтере отырып, мұра ретінде қалдыруға атсалысуымыз қажет.

Әрбір елдің қуатты күші, байлықбақыты экономикалық, даму деңгейімен ғана емес, рухани өрісімен яғни мелекеттік тілінің деңгейімен де өлшенетінін ұмытпағанымыз абзал. Мемлекеттік тіліміздің өзгермей мәртебесінің биіктігін сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізу парызымыз. Осы орайда мемлекеттік тілдің мерейін көтеру бағдарында Ойыл аудандық сотының құзметкерлері бірқатар жұмыстар атқаруда. Атап айтатын болсақ, күнделікті қаралатын қылмыстық, азаматтық, өкімшілік істер қазақ тілінде қаралуда. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және мемлекеттік тіл ұлт байлығы екендігін түсіндіру және жергілікті мекемелер арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында семинар сабақтары жүргізілуде.

Ойыл аудандық сотында іс қағаздарын жүргізу толығымен мемлекеттік тілге көшірілді, және барлық сот қызметкерлері қазақ тілін толығымен меңгерген. Осы атқарылып жатқан шаралардың барлығы мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің биік болуына жасалып жатқан қадамдар.

Тіл қай ұлттың болмасын тарихымен тағдыры, төлім тәрбиесінің негізі. Тіл халықтың жаны. Тіл жойылса, халықта жер бетінен жоғалады. Тіл таусылмайтын байлық, асыл қазына. Тіл тарихы сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгі болашағы.

Өз тілін сыйлайтын, өзгеге сыйлататын ел үшін мемлекеттік тіл киелі де қасиетті дүние. Ендеше, қазақ ұлты тұрғанда, тілін сыйлайтын, оны қастерлейтін басшысы тұрғанда, қазақ тілінің мәртебесі ешқашан төмендемйді.

Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмас, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі мінезі айқын көрініп тұрады деген нақыл сөз баршамыздың жадымызда болуы тиіс. Тіл байлығы әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына карсы тұған кезде ғана тіліміздің деңгейі белестерге жете берері анық.

**Ж.МАЙЖАНОВ,**
**Ойыл аудандық сотының**
**аға сот приставы.**

Коронавирус туралы әр адам білуге тиіс негізгі мәлімет

# АБАЙЛАҢЫЗ КОРОНАВИРУС!

*Коронавирус инфекциясы деген не?*

· коронавирус – вирус инфекциясының 2019-nCoV деп аталатын жаңа типі;

· жоғары тынысалу жолдарының жеңіл немесе орташа ауруына, өкпенің қабынуына, өлім-жітімге себеп болуы мүмкін;

· 2019 жылы Қытайдың Ухань провинциясында анықталды;

· вирус басқа елдерге сапарға шыққан адамдармен бірге таралады;

· коронавирус өте жылдам тарайды;

· коронавирусты жұқтырған-дар мен вирустан қайтыс болған-дардың басым бөлігі Қытайда тіркел-ген;

· Хубэй провинциясының 15 қаласында карантин жарияланып, тұрғындарға қаладан шығуға тыйым салынған;

· індет ошағына автобус пен пойыздардың қозғалысы, ұшақ рейстері тоқтатылды;

*Коронавирус белгілері:*

· дене қызуының көтерілуі;

· тұмау;

· бас ауруы;

· жөтел;

· тамақ ауруы;

· өлсіздік;

· іш өту.

* *иммун жүйесі әлсіз әрі нашарлаған адамдар, сәбилер мен қарттар вирусты тез жұқтыруы мүмкін.*

Инкубация кезеңі – 2 күннен 14 күнге дейінгі аралық.

*Диагностика*

Қазіргі уақытта Қазақстанда 2 сағаттың ішінде нәтиже беретін жаңа тест жүйелері қолданысқа енді. Ол үшін:

· қан анализін;

· несеп анализін;

· лаборатория зерттеулерін;

· ПТР-ды (полимераз тізбек реакциясы) тапсыру қажет.

Коронавирусқа арнайы диагностика тек медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

*Инфекцияның берілу жолдары:*

· көп жағдайда ауру адам жөтелгенде немесе түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тарайды;

· тұрмыстық байланыс арқылы: жеке байланыс, (жанасу, қол алысу, залалды объектіде болу немесе бетті тигізу)

Вирус өзі ағзадан тыс ұзақ өмір сүре алмайды және бірнеше күн ішінде жойылып кетеді.

*Профилактика шаралары:*

– қол және тынысалу жолдарының гигиенасын сақтау, қолды 20 секунд бойы мұқият жуу, мұрынды изотон ерітіндімен жуу;

– иммунитетті арттыру: дұрыс ұйықтау, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу;

– бөлмені желдету;

– жиі қолданылатын заттарды залалсыздандыру құралдарымен сүрту;

– катарал құбылыстары бар тұлғалармен қарым-қатынас жасамау;

– коронавирус жағдайы тіркелген, қауіпті аймақтарға сапарға шықпау;

– адам көп жиналған жерлерден алшақ болу.

**Дәрігер эпидемиолог:**
**Ж.Молдашқалиқызы**

# ӘДЕП - ӘДЕТКЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Елімізде кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарына сәйкес әрбір мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдепті сақтауының маңызы айрықша.

Бұл орайда әрбір ұжымда барлық қажетті шараларды жүзеге асырып, мемлекеттік қызметшінінің қалтқысыз кәсіби қызметін қамтамасыз ету, олардың күш-жігерін, білімін және тәжірибесін тиімді пайдалану, оқыту, насихаттау, санасын жаңғыртып жауапкершілігін көтеру арқылы өз Отанына – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге тәрбиелеу керек.

Ол үшін мынандай қағидалар мен талаптар басшылыққа алынып, ұсынымдар ескерілуі тиіс:

Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидалары:

- заңдылық;

- Қазақстандық патриотизм;

- азаматтың құқықтары, бостандығы мен заңды мүддесінің мемлекет алдындағы басымдығы;

- лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;

- мемлекеттік қызметшілердің көсіпқойлығы;

- әдептілік;

- құқық бұзушылықтарға төзбеушілік.

Мемлекеттік қызметшілердің орындауы тиіс негізгі әдептілік талаптары:

- жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына негізделген мемлекеттік қызметтің әдеп нормалаларының негізі мен қағидаларын сақтауға;

- мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық қаупін тудыруға қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеуге;

- егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса,

жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен көзделген міндеттерді атқаруға, тыйым салған және шектерді сақтауға;

мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтарды жасамауға;

мүдделер қақтығысын болғызбауға және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға;

- егер мүдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерін орындамауға;

- қызметтік функцияны атқаруға қатысты тиімді, нәтижелі, ашықтық тәсілдерді іздеуге және пайдалануға;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

- өзіне бағынысты мемлекеттік қызметшілерден лауазымдық өкілеттіктері шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

- қызметтік өкілеттігін пайдалана отырып өзіне және отбасы мүшелеріне игіліктер және артықшылықтар алмауға;

- лауазымдық міндеттерін пайдакүнемдік және өзге де жеке мүдделері үшін пайдаланбауға;

- пара немесе параға жақын құқық бұзушылыққа жататын құқық бұзушылықтарды жасамауға;

- қызметте жалпы қамқорлық немесе қызмет бабында кетушілікке жол бермеуге;

- мемлекеттік қызметке кіру және мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар бермеуге;

- шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетпеуге;

- қызметтік тәртіпті сақтауға, басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін уақытылы орындауға;

- қызметтік ақпаратты жарияламауға, оның ішінде әдеуметтік желілер арқылы;

- Қазақстанда тұратын барлық ұлттың салт-дәстүрлерін, ғұрыптарын және тілдерін құрметтеуге;

- өз өкілеттігін атқара отырып жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін жеке мүддесі үшін пайдаланбауға;

- әріптестерімен және азаматтармен іскерлік әдепті және ресми мінез- құлық қағидаларын сақтауға;

- қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттарын сақтауға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;

- әріптестеріне өз діни көзқарасын ашық көрсетпеуге, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуге;

- сырт келбеті іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленуге;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін жасады деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға;

- көпшілік алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттарын сақтауға;

- мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-сайысты сыпайы нысанда жүргізуі тиіс.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі мемлекеттік қызметшілердің сыртқы келбетіне ерекше талап қояды. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті, яғни киім киісі олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және жауаптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стиль талаптарына сай болғаны дұрыс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс кездің өзінде көңіл көтеретін орындарда және шетелдегі демалыс орындарында, қымбат тұратын зергерлік бұйымдарды және басқа әдемілік заттарды демонстрация жасау арқылы қымбат автомобильдердің және интерьердің аясындағы суреттері мен бейне жазбаларын әлеуметтік медиаларды (яғни әлеуметтік желілер, блог-платформалар, форумдар, бейнехостингтер, мобильдік мессенджерлер және т.б.) пайдалану барысында оларға орналастырудан тартынуы қажет.

Жұмыс бабынан басқа мақсаттарға мансабын, қызмет орны мен көлігін, құралдары мен мемлекеттік жабдықтарын қолдануға қатыстырмағаны лазым.

Қызметтік әдеп нормаларын сақтауда талас туындаған жағдайда мемлекеттік органның әдеп жөніндегі уәкіліне немесе оның аумақтық құрылымдарына шағымдануға болады.

Қолданыстағы қызметтік әдеп нормаларын сақтамау сыбайлас жемқорлыққа, әр түрлі құқық бұзушылықтар мен теріс пайдалану-шылыққа жағдай туғызады, сондай-ақ тәртіптік шара қолдануға алып келеді. Сондықтанда мемлекеттік қызметшіге жағылған күйе, жасалған жат қылықтар атқарушы биліктің беделіне, жалпы қоғамға нұқсан келтіреді.

Осы себептенде мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатындығын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылатындығын, мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру үшін олар өздерінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауы тиіс екендігін әрбір мемлекеттік қызметшімен қатар қарапайым халықтың да білгені жөн.

**Б.ӘДІЛХАНОВ,**
**Ойыл аудандық қаржы**
**бөлімінің басшысы.**

## 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 013 | Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 6000 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 10561 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 10561 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 10561 |
| | | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 10561 |
| 13 | | | | Басқалар | 8073 |
| | 3 | | | Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау | 333 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 333 |
| | | | 006 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 333 |
| | 9 | | | Басқалар | 49087 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 7740 |
| | | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 7740 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 19 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 19 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 19 |
| | | | 013 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 19 |
| 15 | | | | Трансферттер | 340932 |
| | 1 | | | Трансферттер | 340932 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 340932 |
| | | | 038 | Субвенциялар | 340932 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 77000 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 96048 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 96048 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 96048 |
| | | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 96048 |
| | | | 006 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 96048 |
| 5 | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 19048 |
| | 01 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 19048 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 19048 |
| | | | 13 | Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 19048 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| 13 | | | | Басқалар | 0 |
| | 9 | | | Басқалар | 0 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 0 |
| | | | 014 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -77000 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 77000 |
| 7 | | | | Қарыздар түсімдері | 96048 |
| | 01 | | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 96048 |
| | | 2 | 03 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар | 96048 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 19048 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 19048 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 19048 |
| | | | 008 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 19048 |
| 8 | | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0 |
| | | 1 | | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0 |

## УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ БЮДЖЕТ НА 2021 ГОД

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 013 | Разработка схем градостроительного развития территории района, генеральных планов городов районного (областного) значения, поселков и иных сельских населенных пунктов | 6000 |
| 12 | | | | Транспорт и коммуникации | 10561 |
| | 1 | | | Автомобильный транспорт | 10561 |
| | | 458 | | Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения) | 10561 |
| | | | 023 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог | 10561 |
| 13 | | | | Прочие | 8073 |
| | 3 | | | Поддержка предпринимательской деятельности и защита конкуренции | 333 |
| | | 454 | | Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения) | 333 |
| | | | 006 | Поддержка предпринимательской деятельности | 333 |
| | 9 | | | Прочие | 49087 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 7740 |
| | | | 012 | Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения) | 7740 |
| 14 | | | | Обслуживание долга | 19 |
| | 1 | | | Обслуживание долга | 19 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 19 |
| | | | 013 | Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета | 19 |
| 15 | | | | Трансферты | 340932 |
| | 1 | | | Трансферты | 340932 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 340932 |
| | | | 038 | Субвенции | 340932 |

| Функ. группа | Функ. подгруппа | Администратор | Программа | НАИМЕНОВАНИЕ | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | III. Чистое бюджетное кредитование | 77000 |
| | | | | Бюджетные кредиты | 96048 |
| 10 | | | | Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения | 96048 |
| | 9 | | | Прочие услуги в области сельского, водного, лесного, рыбного хозяйства, охраны окружающей среды и земельных отношений | 96048 |
| | | 453 | | Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения) | 96048 |
| | | | 006 | Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов | 96048 |
| | | | | Погашение бюджетных кредитов | 19048 |
| | 01 | | | Погашение бюджетных кредитов | 19048 |
| | 1 | | | Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета | 19048 |
| | 13 | | | Погашение бюджетных кредитов, выданных из местного бюджета физическим лицам | 19048 |
| | | | | IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами | 0 |
| | | | | Приобретение финансовых активов | 0 |
| 13 | | | | Прочие | 0 |
| | 9 | | | Прочие | 0 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 0 |
| | | | 014 | Формирование или увеличение уставного капитала юридических лиц | 0 |
| | | | | V. Дефицит бюджета (профицит) | -77000 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета (использование профицита) | 77000 |
| 7 | | | | Поступление займов | 96048 |
| | 01 | | | Внутренние государственные займы | 96048 |
| | | 2 | 03 | Займы, получаемые местным исполнительным органом района (города областного значения) | 96048 |
| 16 | | | | Погашение займов | 19048 |
| | 1 | | | Погашение займов | 19048 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 19048 |
| | | | 008 | Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом | 19048 |
| 8 | | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0 |
| | 01 | | | Остатки бюджетных средств | 0 |
| | | 1 | | Свободные остатки бюджетных средств | 0 |

*Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 361 шешіміне 3 қосымша*

## 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | I. Кірістер | 4305132 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 306505 |
| 1 | 01 | | Табыс салығы | 132660 |
| 1 | 01 | 2 | Жеке табыс салығы | 132660 |
| 1 | 03 | | Әлеуметтік салық | 129000 |
| 1 | 03 | 1 | Әлеуметтік салық | 129000 |
| 1 | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 37625 |
| 1 | 04 | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 33265 |
| 1 | 04 | 5 | Бірыңғай жер салығы | 4000 |
| 1 | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 5780 |
| 1 | 05 | 2 | Акциздер | 310 |
| 1 | 05 | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 3350 |
| 1 | 05 | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 2120 |
| 1 | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 1800 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 1800 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 74567 |
| 2 | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 6924 |
| 2 | 01 | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 6905 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 19 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды,қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 10 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды,қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 10 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 850 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 850 |
| 2 | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 66783 |
| 2 | 06 | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 66783 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 9060 |
| 3 | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 5410 |
| | | 11 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 5410 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 3650 |
| 3 | 03 | 1 | Жерді сату | 3650 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 3915000 |
| 4 | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 3915000 |
| 4 | 02 | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 3915000 |

## УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ БЮДЖЕТ НА 2022 ГОД

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | I. Доходы | 4305132 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 306505 |
| | 01 | | Подоходный налог | 132660 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 132660 |
| | 03 | | Социальный налог | 129000 |
| | | 1 | Социальный налог | 129000 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 37265 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 33265 |
| | | 5 | Единый земельный налог | 4000 |
| | 05 | | Внутренние налоги на товары, работы и услуги | 5780 |
| | | 2 | Акцизы | 310 |
| | | 3 | Поступления за использование природных и других ресурсов | 3350 |
| | | 4 | Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности | 2120 |
| | 08 | | Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государственными органами или должностными лицами | 1800 |
| | | 1 | Государственная пошлина | 1800 |
| 2 | | | Неналоговые поступления | 74567 |
| | 01 | | Доходы от государственной собственности | 6924 |
| | | 5 | Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности | 6905 |
| | | 7 | Вознаграждения по кредитам, выданным из государственного бюджета | 19 |
| | 02 | | Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета | 10 |
| | | 1 | Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета | 10 |
| | 04 | | Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан | 850 |
| | | 1 | Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов) Национального Банка Республики Казахстан, за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора | 850 |
| | 06 | | Прочие неналоговые поступления | 66783 |
| | | 1 | Прочие неналоговые поступления | 66783 |
| 3 | | | Поступления от продажи основного капитала | 9060 |
| | 01 | | Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями | 5410 |
| | | 1 | Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями | 5410 |
| | 03 | | Продажа земли и нематериальных активов | 3650 |
| | | 1 | Продажа земли | 3650 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 3915000 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 3915000 |
| | | 2 | Трансферты из областного бюджета | 3915000 |

*Приложение 3 к решению Уилского районного маслихата от 25 декабря 2019 года №361*

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 4305132 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 408251 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 111239 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 22109 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 22109 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 89130 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 89130 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 22665 |
| | | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 22665 |

| Функ. группа | Функ. подгруппа | Администратор | Программа | НАИМЕНОВАНИЕ | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Затраты | 4305132 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 408251 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 111239 |
| | | 112 | | Аппарат маслихата района (города областного значения) | 22109 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения) | 22109 |
| | | 122 | | Аппарат акима района (города областного значения) | 89130 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения) | 89130 |
| | 2 | | | Финансовая деятельность | 22665 |
| | | 452 | | Отдел финансов района (города областного значения) | 22665 |

## КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ Ойыл ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2020 жылдың 7 ақпанынан бастап 27 ақпанына дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: «Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56 үй, бөлме № 2, сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін және/немесе **Tulekuil.kz** интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер«Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ, мына мекенжай бойынша Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56 үй жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі 2020 жылдың 27 ақпаны сағат 14-30 дейін.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттер 2020 жылдың 27 ақпаны сағат 15-00 де мына мекенжай бойынша: «Ойыл аудандық білім бөлімі» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 56 үй, бөлме № 2 ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 871332 21249, 871332 22077.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ

ГУ «Уилский районный отдел образования, физический культуры и спорта» объявляет о проведении конкурса по организация питания обучающихся в организациях среднего образования Уилского района.

К конкурсу допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие требованиям конкурсной документации.

Пакет копии конкурсной документации можно получить в срок от 7 февраля 2020 года до «27» февраля 2020 года, с 09-00 до 18-00 часов включительно по адресу: с. Уил, Ул. Кокжар 56, кабинет № 2 и/или на интернет-ресурсе **Tulekuil.kz**

Конкурсные заявки на участие в конкурсе, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ГУ «Уилский районный отдел образования», Актюбинская область, Уилский район, с. Уил, ул. Кокжар 56

Окончательный срок представления заявок на участие в конкурсе до «27» февраля 2020 года, 14-30 часов.

Конверты с заявками на участие в конкурсе будут вскрываться по следующему адресу:

Актюбинская область, Уилский район, с. Уил, ул. Кокжар 56, кабинет № 2, «27» февраля 2020 года 15 – 00 часов

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: 871332 21249, 871332 22077.

## ТҰЛ ЯРЕМИЯ

**Туляремия** –кенелердің шағып алуы кезінде жұғатын аса қауіпті табиғи-ошақты инфекциялық ауру. Жылдың көктем-жаз мезгілдерінде ауру өршиді. Инкубациондық кезеңі – орта есеппен 7 күннен 3 аптаға дейін. Ауру қатты басталып, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, адам қалтырап, басы қатты ауырып, әлсіреп, бұлшық еттері ауырады, безі шошынып ісіп кетеді. 2-3 күні ағзаға микроб кірген жердің маңайында (мойын, құлақ тұсында, қолтық ойығында, шабында, т.б. жерлерінде) лимфа түйіндері ұлғаяды. Баспа, көз ауруы, қыс кезінде ұзаққа созылатын өкпе қабынуы аурулары байқалады. Аурудың пайда болу ерекшеліктері, көбінесе бактериялар қандай жолмен ағзаға келіп түскендігіне байланысты. Туляремиямен бір рет ауырған адам оны екінші рет өмір бойы қабылдамайды, иммунитеті төзімді болады. Туляремия ауруы адамға әр түрлі жолмен жұғады. Денеде жарылған, қажалған, кесілген жер болса, оған қоздырғышы түседі. Туляремия жұқпалы ауру. Онымен ересек те, бала да ауырады. Оның микробтары даладағы тышқан, қоян, тиін және басқа да хайуандар денесінде өсіп өнеді. Туляремияның сиыр, қой, түйе, жылқы және шошқа т.б. жануарларға да жұғуы мүмкін.Туляремия микробтары әсіресе шабылған шөп, пішен тасығанда шаңға араласып, ауаға көтеріледі де, ауа арқылы тыныс алу жолдарымен микробтар адамға жұғады. Мұндай жағдайда тулярензе тері арқылы да яки қолмен ауызды сүрткенде, көзді сипағанда да жұғады. Сонымен бірге малға жем өзірлегенде, малдың астындағы төсеніш шөпті алғанда да жұғады. Тышқан тұрғын үйлерді, азық-түлік қоймаларын, наубайханалар мен нан дүкендерін, диірменді паналайды. Өлген тышқадардың және олардың қиыны микробтары азық-түліктерге, ыдыстарға және т.с.с. түседі, олардан адамдар ауырады, кейде өлгіндей тышқанды жеген мысықтар да ауру таратады. Өлген тышқандар құдық немесе көлге түседі де, ауыз су арқылы туляремия індеті халыққа тарайды.

**Жұғу көзі** - жабайы кеміргіштер, үй тышқандары, құндыз, аламандар, қояндар.

**Тасымалдаушылар** - қан сорғыш буынаяқтылар, соның ішінде кенелер және масалар, соналар.

Ойыл ауданында туляремияның аса қауіпті инфекциялы табиғи ошақтары бар - Ойыл селолық округі, Қайыңды ауылдық округі, Саралжын ауылдық округтерінің елді мекендері. 2018 жылы Ш.Берсиев атындағы а/о.,Қаратал ауылында уақытша мекен-жайға келген адамды кене шағып туляремия ауруымен ауырды. Осы аумақтарға көктемде дезинфекция, дератизация жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар ауданның эпизоотиялы аймақтарында тұратын тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екпе жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия және КҚГҚ қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарымен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары, жем-шөптер зертханаға жіберіледі.

*Алдын алу шаралары:*

1.Тұрғын ғимараттар, елді мекендердің маңайын қаулап өскен шөптерден тазарту, аумақтардағы бей-берекет қоқыстарды құрту.

2.Балық аулағанда, табиғат аясында демалғанда, аңдардың терісін дайындағанда және зарарсыздандырған кезде репеллент-терді қолдану (маса, шыбын,кене шағудан қорғайтын құралдар)және арнайы қорғаныс киімдерін қолдану

3.Құдықтарды, бұлақтарды, азық-түлік өнімдерін кеміргіштерден қорғау 4.Туляремия бойынша энзоотикалық аумақтардағы тұрғындардың барлығына екпе жасалады, 7 жасқа дейінгі балаларға және 55 жастан асқан тұлғаларға екпе жасалмайды.

5. Вакцинация иммунитетті 5 жылға дейін қамтиды, 5 жыл өткен соң қайта екпе жасалады.

Туляремия ауруымен ауырмау жолы - туляремияға қарсы екпе алу.

**Д.ТАНКИЕВ,**
**Ойыл обаға қарсы күрес**
**юөлімшесінің дәрігер-бактериологы,**
**А.Атыраубаев, зоолог.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ТАБЫС ЕТУ ТУРАЛЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес мемлекеттік лауазымдағы адамдарға өз өкілеттіктерін орындау кезеңінде жыл сайын және сол адамның жұбайына (зайыбына), және мемлекеттік қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған адамдарға, шығарылғаннан кейінгі үш жыл бойы және сол адамның жұбайына (зайыбына) қаржылық бақылау шаралары қарастырылған.

Мемлекеттік лауазымдағы адамдар өз өкілеттіктерін орындау кезеңінде жыл сайын және сол адамның жұбайы (зайыбы) және мемлекеттік қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған адамдар, шығарылғаннан кейінгі үш жыл бойы және сол адамның жұбайы (зайыбы) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағындағы да, одан тыс жерлердегі де кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады

Салық кодексіне сәйкес, жоғарыда аталған тұғаларғалар салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағындағы да, одан тыс жерлердегі де кірістері мен мүлкі туралы **2019 жыл** үшін декларацияны **2020 жылдың 31 наурызынан** кешіктірілмей тұрғылықты жерліндегі мемлекеттік кірістер органдарына тапсыруға тиісті.

Мемлекеттік қызметшілердің және олардың жұбайы (зайыбы) уақытында декларацияны тапсырмауы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

**Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы**

---

*ЖОБА*

**Ойыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Ойыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы С.Нурбаев** | **Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Е.Жиеналин**

---

*Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы «___» ақпандағы №___ шешіміне қосымша*

**Ойыл аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі**

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 27 «Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4973 тіркелген, 2016 жылғы 14 шілдеде «Ойыл» газетінде жарияланған) шешімі;

2. Ойыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 27 «Ойыл ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-11-119 тіркелген, 2018 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

3. Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы № 180 «Ойыл ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-11-127 тіркелген, 2018 жылғы 26 сәуірде «Ойыл» газетінде жарияланған) шешімі.

---

*ПРОЕКТ*

**О признании утратившими силу некоторых решений Уилского районного маслихата**

В соответствии со статьей 7 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившими силу некоторые решения Уилского районного маслихата согласно приложению к настоящему решению.

2. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области.

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2020 года.

**Председатель сессии Уилского районного маслихата С.Нурбаев** | **Секретарь Уилского районного маслихата Е.Жиеналин**

---

*Приложение к решению Уилского районного маслихата от «__» февраля 2020 года № ___*

**Перечень признанных утратившими силу решения Уилского районного маслихата**

1. Решение Уилского районного маслихата от 7 июня 2016 года № 27 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по Уилскому району» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 4973, опубликованное 14 июля 2016 года в газете «Ойыл»);

2. Решение Уилского районного маслихата от 5 марта 2018 года № 161 «О внесении изменений в решение районного маслихата от 7 июня 2016 года № 27 «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по Уилскому району» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-119, опубликованное 13 апреля 2018 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде);

3. Решение Уилского районного маслихата от 26 марта 2018 года № 180 «Об установлении единых ставок фиксированного налога по Уилскому району» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-127, опубликованное 26 апреля 2018 года в газете «Ойыл»).

## «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

### Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында көп балалы отбасыларға жаңа жәрдемақы төлеуді бастау және ұйымдастыру

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 4 және одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға жаңа мемлекеттік жәрдемақы енгізілді. Осы мемлекеттік жәрдемақыны енгізу Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша әзірленген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдаудың негізгі үш бағыттарының бірі болып табылады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік жәрдемақы 4 және одан да көп көмелетке толмаған балалары бар, оның ішінде күндізгі оқу нысанында оқитын 23 жасқа дейінгі студенттері бар көп балалы отбасыларға олардың табысына қарамастан төленеді. Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері балалардың санына байланысты сараланған. Сонымен, 4 баласы бар отбасылар – 42 496 теңге *(16,03 АЕК)*, 5 баласы бар – 53 127 теңге *(20,04 АЕК)*, 6 баласы бар – 63 757 теңге *(24,05 АЕК)*, 7 және одан да көп баласы бар – 74 388 теңге *(28,06 АЕК)* алады.

Ойыл ауданы бойынша бұл жәрдемақыны 566 отбасы алады. Оның ішінде 4 баласы бар – 386 отбасы, 5 баласы бар – 117 отбасы, 6 баласы бар - 49 отбасы, 7 және одан көп баласы бар – 14 отбасы.

### Әлеуметтік төлемдерді ҚР «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңының жаңа нұсқасына сәйкес жаңа мөлшерде тағайындау және жүзеге асыру

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы жүзеге асырылып, мыналар қарастырылды:

· әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өсуі қарастырылды;

· әлеуметтік төлемдердің мөлшері мен еңбек өтілінің арасындағы өзара байланыс қарастырылды;

· еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі қайта қаралды.

Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмаларын іске асыру барысында жаңа нұсқада әзірленіп дайындалды.

Заңның негізгі мақсаты - еңбек өтілі мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі төлемдер мөлшері арасындағы өзара байланысты күшейту, сондай-ақ 2020 жылдан бастап еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу және жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшерінің орташа есеппен 30% - ға өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсаттарға жету үшін еңбек өтілі 5 жылдан асатын алушыларға міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің коэффициенті қайта қаралды. Бұл коэффициент әлеуметтік төлемдердің үш түріне: асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы бойынша, жұмысынан айрылуы бойынша жағдайларда әлеуметтік төлемдердің мөлшерін анықтау кезінде қолданылады. Осыған байланысты, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі 5 жылдан артық әрбір толық жыл үшін коэффициент 2% - ға артады.

Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру мақсатында медициналық-әлеуметтік сараптамасы нақты белгілеген еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін (30%-дан 100%-ға дейін) ескере отырып, еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері айқындалады. Егер 2020 жылға дейін жалпы еңбек ету қабілетінен айырылғанда орташа коэффициенттер қолданылған болса (мысалы, еңбек ету қабілетінен 30%-дан 59%-ға дейін айырылғанда 0,3 коэффициенті, 60%-дан 79%-ға дейін айырылғанда 0,5 коэффициенті, 80%-дан 100%-ға дейін айырылғанда 0,7 коэффициенті қолданылды), енді жаңа механизм бойынша еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 65% белгіленген кезде коэффициенті 0,65 болады, 80% - 0,8, 100% - 1,0 тиісінше.

Асыраушысынан айырылған отбасылардың әлеуметтік қорғалуын арттыру үшін асырауындағылар санының коэффициенттерін өзгерту жолымен әлеуметтік төлемдердің мөлшері арттырылды:

1) асырауында біреу болса 40%-дан 50%-ға дейін;

2) екеу болса 50%-дан 65%-ға дейін;

3) үшеу болса 60%-дан 80%-ға дейін;

4) төрт және одан көп болса 80%-дан 100%-ға дейін.

Сонымен қатар жұмысынан айрылуы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі қайта қаралды, атап айтқанда:

1) табысты ауыстыру коэффициенті 30%-дан 40%-ға көтерілді;

2) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты жұмысынан айрылуы бойынша әлеуметтік төлемнің ұзақтығы 4 айдан 6 айға дейін ұлғайтылды.

Осыған байланысты әлеуметтік төлемдердің мөлшерлері жаңа тағайындалғандар мен бұрын тайындалғандардың арасында алшақтыққа жол бермеу мақсатында, әлеуметтік төлемдерге қатысты жаңа тәртіптерді қолдана отырып, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы бойынша бұрын тағайындалған әлеуметтік төлемдерге бір жолғы рет қайта есеп жүргізілді.

Жалпы Заңдағы жаңа өзгерістер әлеуметтік тәуекелдердің үш түрі бойынша: еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу және жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 30% арттыруға мүмкіндік берді.

### 01.01.2020 жылдан бастап төленетін зейнетақылардың, жәрдемақылардың және «МӘСҚ» АҚ әлеуметтік төлемдерінің мөлшерін арттыру

«2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы, әлеуметтік төлемдер және жәрдемақылар өсті.

· Зейнетақы 7% - ға өсті.

· Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 5 % - ға өсті.

· Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 2 651 теңге;

· Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 31 183 теңге;

· Ең төменгі зейнетақы (2020 жылы тағайындау үшін) – 38 636 теңге;

· Жаңадан тағайындалатын зейнетақы мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 2020 жылы 46 еселенген АЕК (121 946 теңге) аспауы тиіс.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) көтерілуіне байланысты өсірілді.

· Ең төменгі базалық зейнетақы – 16 839 теңге.

· Ең жоғары базалық зейнетақы (еңбек өтілі 33 жыл және одан да көп ) – 31 183 теңге.

· Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) өзгеруіне байланысты 5% - ға өсті.

· Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың (АМЖ) және мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың (№1 және №2 Тізім бойынша) мөлшері айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өзгеруіне байланысты 5% - ға өсті.

· Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдер 5% - ға өсті.

Баланың туылуына байланысты төленетін біржолғы жәрдемақы өсірілді және осындай болды:

· бірінші, екінші және үшінші балаға - 100 738 теңге (38 АЕК).

· төртінші балаға - 167 013 теңге (63 АЕК).

Баланың бір жасқа дейінгі күтіміне төленетін жәрдемақылар да өсірілді және осындай болды:

· бірінші балаға - 15 270 теңге (5,76 АЕК).

· екінші балаға - 18 054 теңге (6,81 АЕК).

· үшінші балаға - 20 811 теңге (7,85 АЕК).

· төртінші және одан кейінгі балаларға - 23 594 теңге (8,9 АЕК).

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға, табысына қарамастан төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 16 967 теңгені (6,4 АЕК) құрады.

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша банкрот салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан азаматтарына төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін тағайындалған ай сайынғы төлемдердің (регресстік төлемдердің) мөлшері де 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 5% көтерілді.

## ЕСКЕ АЛУ

**Ойыл ауданы, Көптоғай селосы**
**Шұбарши ауылы**
**Жайлыбаев Боранғали Қолымбайұлы**
**(11.02.1963ж – 26.02.2018ж)**

Әкешім асқар тауым жаным абыз,
Дұға жасап, төңірге табынамыз.
Сіз кеткелі екі жыл өтіпті ғой,
Суретіңе қараймыз сағынамыз.
Өзің барда болатын өркез той ұлық.
Жанардағы жасымызда кеткен емес жойылып.
Асқар тауға теңейміз біз өзіңді,
Қанатымызды кетті ғой ажал қайырып.
Жанардан жасың сүртумен жылап тұрды ұлың.
Отбасын өркез тілеп жүруші ең бірлігін.
Еркелететін немерелерің сағынды,
Өмірдің өлі білмеген ашы шындығын.
Қалдырмаймыз есіміңді біз ұмыт.
Бәрі сізге қараушы еді қызығып.
Жақсы жансыз жүректерде қалатын,
Кетті тағдыр үмітімен үзіліп.
*Сағынып еске алушылар: жолдасы :Сагира, бала – келіні: Еркінбек –Базаргүл, Немерелері: Бекбол, Фархад, Әлішер, Досбол.*

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1648 дана. Тапсырыс №175
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» НАУҚАНЫ

Өткен бейсенбіде Қазақстанның барлық аймақтарында «Халық заңгері» атты жалпы ұлттық науқан өтті. Ондағы басты мақсат осыталған науқан арқылы – халықтың құқықтық сауатын арттыру. Осы орайда біздің ауданда да, яғни «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен «Халық заңгері» атты жалпы ұлттық науқанға аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы, аудандық сот Сәуле Танимова, прокруор Әділбек Балғазин, аудандық полиция бастығы Серік Берекенов және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен мемлекеттік органдардың басшылары қатынасты. Қабылдауға келген тұрғындар сауалына заң төңірегінде жауап берілді. Сондай-ақ азаматтарға заңгерлік қажетті кеңестер берілді.

# НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫНА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҒЫЛЫМИ САРАПТАМА

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 қарашадағы Заңымен Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 33-1 баппен толықтырылды. Яғни, Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама бабы қосылды.

2020 жылдан бастап нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жасалатын болады. Аталған сараптаманың мақсаты сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау, сондай-ақ оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін заңнамалық актілердің жобаларынан басқа, Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарын, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, өзге нормативтік құқықтық актілердің жобалары да міндетті төртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жасауға жатады. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын төртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

**С.А. МАХАНОВА,**
**Ойыл ауданаралық әділет басқармасының басшысы.**

# ТАУАРЛАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Салық салу мақсаттары үшін Салық кодексінде тауарлардағы электрондық сауда тұжырымдамасы айқындаған.

Тауарлармен электрондық сауда – бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;

тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес төлеммен жүргізілсе;

тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса, интернет-дүкен және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Сонымен бірге тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға жатады.

Хабарламаны бекіту және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркегеннен кейін тұрғылықты жері бойынша (ЖТ) немесе тіркеу орны бойынша (ЗТ) хабарландыруды мемлекеттік кірістер басқармасында қағаз жүзінде алуға болады.

**Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы**

# ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы ММ "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" және "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге өкетуге фитосанитариялық сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетеді.

«Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» ҚР АШМ 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына 1-қосымшасы бойынша «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-ның аумағында орнын ауыстыруға карантиндік сертификат» және «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-нан тыс жерлерге өкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағаз және электрондық форматта жүргізілетінін хабарлаймыз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Агрөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары, оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz , www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері карантиндік сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 3(үш) жұмыс күн, фитосанитариялық сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 5(бес) жұмыс күн және мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

*Қажетті құжаттар:*

1)осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2)жеке тұлға үшін-жеке басын куәландыратын құжат;

3)импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер саласындағы талаптары.

Порталда: осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына қосымшаға сәйкес, электрондық құжат нысанындағы өтінім, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талаптары.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекен-жайы: «ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы» ММ Ойыл ауданы, Жолмырзаев көшесі № 19, электрондық адресі: abdullin.b@minagri.qov.kz тел.8(71332)2-18-21.

Аудан тұрғындарына аудан орталығына карантинге жатқызылған өнімді карантиндік сертификатсыз облысаралық тасымалдауды жүзеге асырса немесе экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатынсыз, карантинге жатқызылған, фитосанитариялық төуекелі жоғары өнім партиясын ҚР-ның аумағына әкеліп сатса 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ӘҚБК 400 бабы 2 және 16 тармақшасы бойынша жеке тұлғаларға - 20, лауазымды адамдарға,шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын ескертеміз.

**Б.ТӨЛЕПОВА,**
**Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөніндегі бас маманы.**

# ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылатын мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола алатын, жан-жақты дамыған, өскелең жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Осыған орай «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісіне енгізілуі өте жақсы бастама болды. Бұл пәннің мақсаты-адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан-дүниесіне үңіліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік менін қалыптастыру болып табылады.

Өзін-өзі тану пәнінің әр тарауы, әр тақырыбы болашақ ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеп, Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау сияқты адамгершілік құндылықтарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Мысалы жағымды күйге келу – ең тиімді әдіс болып табылады. Бұл жарыққа концентрация жасау. Бастапқыда қарапайым формаларды қолданған жөн. Денені босаң күйге келтіру немесе қиялда табиғаттың әдемі суреттерін елестету.

Оқиғалар(әңгіме,әсиетнама т.б)-оқиға белгілі құндылықты көрсетуі тиіс. Әңгіме-оқытудың диалогтік әдісі, мұнда мұғалім жете ойластырылған сұрақтар жүйесінің қойылуы жолымен оқушылардың жаңа материалды түсінуіне ықпал етеді немесе өткенді меңгеруін тексереді.

Сабақ жоспарына күрделі емес, бірақ терең мағыналы дәйексөздер немесе мақал-мәтелдерді оқулықтан енгізу қажет, бірақ бұлар оқулықта бір сабақ үшін тым көп ұсынылған. Мұғалім осылардың ішінен сабақ тақырыбына неғұрлым сай келетінін таңдау керек. Бұл дәйекөз қысқа болуы мүмкін, бірақ сабақта өтетін басты құндылықтың мәнін нақты әрі терең білдіретін болуы тиіс. Кейде мұғалім шығармашылықпен өзінің түйсінуі бойынша сабаққа келетін өз дәйекөзін таңдауы мүмкін.

Ән және музыка-әнде оқиғада көрсетілген құндылық бейнеленуі тиіс.

Топтық іс-әрекет- бұл барлық топ жасайтын барлық оқушы кезекпен сурет салуға қатысатын ойын немесе балалардың көз алдында өздері үйренген құндылықтарды арттыратын және жалпы динамизмін көтермелейтін іс-әрекеттің кез-келген басқа түрі болуы мүмкін.

Үй жұмысы-үйде және мектепте апта бойы оқушылар орындайтын, осы кезеңде оқытылған құндылыққа қатысы бар қарапайым тапсырма. Сыныпта өткен аптаның нәтижелері туралы айтып, оқушыларды мадақтау керек. Оқушылардың шеңбер құрып отыруы тиімді. Олардың бүкіл әлем туралы сүйіспеншілікпен ойлап және осы ойларын әлемдегі тыныштық үшін айналасына таратуды өтіну керек.

Осындай өзіндік ерекшелегімен даралана алатын өзін-өзі тану пәні кейбір әріптестеріміз үшін ең оңай, кез-келген мұғалім бере алатын жеңіл пән ретінде қалыптасып қалған. Әр пәннің өз ерекшелігі, сыры пен құпиясы болатын сияқты бұл пәннің де өзіндік әдіс- тәсілі бар. Өте шығармашыл, терең ойлай білетін, оқушының түйсігін қозғай білетін ұстаздар ғана бере алатын пән екені уақыт өте келе мойындалып келеді.

Рухани-адамгершілік білім-ол тек оқушының өзгеруі емес, ең алдымен мұғалімнің өзгеруі. Өйткені бұл құндылықтарды оқулықтан алу, тіпті жақсы дәрісті оқып алу арқылы түсіну мүмкін емес, оның барлығы өмірлік тәжірибеден алынады. Сондықтанда мысалы, мұғалім салауатты өмір салты туралы қаншалықты әдемі айта білсе де,егер өзі салауаттылықты ұстанбаса оның басқаны үйреткенінен не пайда? Мұғалім тұлғасы оқыту үрдісінен де маңызды, өйткені рухани-адамгершілік білім-оқушының ішкі жан дүниесін ашуға мүмкіндік беретін жанды білім.

Білім алу-өмір сүру үшін ақша табу емес, білім алу дұрыс өмір сүру үшін керек. Оқыту үрдісінде бала тұлғасын тек физиологиялық және интеллектуалдық жағынан ғана дамытып қоймай, ең алдымен бала тұлғасының ең жоғары адамгершілік рухани табиғатын ашу.

Қоғамға ой-өрісі кең,рияыз қызмет етуге дайын ашық жүректі адал адамдар ауадай қажет. Осы айтылғандарды қорытындылай келе «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік тәрбие беру пәнін болашақта барлық білім беру салаларының негізі бола алады деген сенімдеміз. Ал рухани-адамгершілік тәрбиені басқа пәндермен ықпалдастыру әр ұстаздың ұстаздық парызы деп түсінген жөн.

**Э.ҚАЛДЫҒҰЛОВА,**
**Құрман орта мектебінің әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі.**

# ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен өліде болса немқұрайлықпен қараудамыз.

Сондықтанда аудан тұрғындарының назарына жылу беру маусымында орындалуы тиіс талаптарын ұсынамыз:

1. Жылу беру маусымында пештер мен түтіндіктерді күйеден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс.

2. Қатты отынмен жұмыс істейтін пештерінде алдына 0,5 х 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металл табақпен қорғалған болуы тиіс.

3. Тұрғын үйлеріңізді бір өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз, бұл өрт оқиғасы болған кезде тез әрекет етіп өртті сөндіруге көмегін береді, сонымен бірге өзіңіздің және туыстарыңыздың қауіпсіздігі үшін тұрғын үйлеріңізде тұншықтырғыш және табиғи газдың шығуын анықтайтын датчиктерді орнату қажет.

Сонымен қатар тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы газын ұмытпағанымыз жөн. Тұншықтырғыш газ (СО) дегеніміз – дәмі мен иісі жоқ түссіз газ, құрамында көміртегі бар кез келген отын, бензин, солярка, мазут, табиғи газ, көмір, ағаш отынының толық жанбауының өнімі болып табылады.

Тұншықтырғыш газымен уланудың көп таралған себептері:

- Жылыту пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы).
- Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).
- Адамның өрт ошағында болуы.
- Ауа алмасуы нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету.
- Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау.

**А.ТАРЫБАЙ,**
**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

# КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕ ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қыста қар жауып, оның арты көктайғаққа ұласып жатады. Осындай кездері жаяу жүргіншілердің де, автомобиль жүргізушілердің де жарақат алу қаупі артады. Сондықтан өртүрлі дене жарақатын алмас үшін аса сақтықпен жүрген дұрыс.

Жүргенде әр қадамыңызды нық басып, асықпай жүріңіз. Асыққан кезде қауіп күшейеді: адам тайып құлауы, сүрініп кетуі өбден мүмкін. Қолыңызда зат болмағаны жақсы. Қарт адамдар басында резеңкесі бар таяқ ұстағаны абзал.

Мұзда тайып құламау үшін өуелі биік өкшелі аяқ киім емес, ыңғайлысын киіңіз.

Мұндай күндері табаны жұмсақ, таймайтын аяққиім кигеніңіз дұрыс. Егер аяғыңыз тайып кетсе, тізені бүгіп, жүрелей қалу қажет. Құлап бара жатқанда домалап, жерге жұмсақ түсуге тырысыңыз.

Құлаған соң тез тұруға асықпаңыз, ешқандай жарақаттың жоғына көз жеткізіңіз.

Тұра алмай қалған немесе жарақат алған жағдайда айналаңыздан көмек сұраңыз.

Көктайғақ кезінде арқамен, шалқасынан құлау – өте қауіпті. Бұл мидың шайқалуына, бастың ауыр жарақат алуына әкеліп соғуы мүмкін. Жарақат алған жағдайда дереу дәрігерге көрініңіз. Көктайғақ кезінде жүріп келе жатқан көлікке жақын-дамаңыз. Бұл өте маңызды. Сонымен бірге аялдама, баспалдақ, табал-дырық адамдардың ең көп құлайтын жері екенін ескеріңіз. Баспалдақпен жүргенде сүйеніште қолданыңыз. Көктайғақ кезінде егде жастағы тұрғындар көп жарақат алып жатады. Сондықтан олар тайғақ кезде сыртқа шығуды шектегені дұрыс. Үлкен кісілер басында резеңкесі бар таяқпен жүруі немесе айналасындағы адамдардың көмегіне жүгінуі қажет. Әдетте адам аяғы мұзға тайған кезде үш түрлі құлайды: артқа, алдыға және жанына қарай. Артқа және алдыға қарай құлаған кезде қолды жерге тіреуге мүлдем болмайды. Себебі, мұндайда қол сынып кетуі мүмкін. Ал басқа сүйектерге қарағанда қол сүйегінің қайта қалыпқа келуі ұзаққа созылады. Сондай-ақ, адам артқа және екі шетіне қарай құлаған кезде мүмкіндігінше басын кеудесіне қарай июі керек. Осылайша ол бас-ми жарақатының алдын алады. Тайып құлаған кезде барынша оты-рып қалуға тырысу керек. Мұнымен қатар, алға қарай құлаған кезде қолдың ішкі бөлігін, яғни білектен жоғары және шынтақтан төмен ішкі бөлікті ғана тіреуіш ретінде пайда-лануға болады. Жазатайым, көктай-ғақ салдарынан сүйек сынған кезде алғашқы медициналық көмек көрсе-тудің негізгі үш әдісті орындау қажет. Біріншеден, тыныштығын қамтама-сыз ету, яғни иммобилизация болып табылады, сол үшін табельдік шина қолданылады немесе қолда бар заттар: таяқ, тақтай т.б. заттар қолданылады. Тыныштық болу үшін шина болса, аяқ-қолдың бас жағын денеге таңып, қолтықтың астына мақтаның тығыз түйнегін қоя отыра таңады (қолды тігінен бүгеді) немесе байламға, белбеуге іліп қояды.

Аяқты оқшауландыру үшін оны сау аяққа байлайды. Шинаны (немесе қолда бар затты) сыныктың екі жағының да қозғалысын болдырмайтындай етіп (сынықтың үстіңгі және астыңғы жағы) қою қажет. Сүйектің шығыңқы жерінде шинаның астына жұмсақ мақта немесе жайлы мата қояды.

Шинаны (қолда бар материалды) мақтамен жауып, дәкімен орайды (матамен, киім кесіндісімен), бұлай ету сынған жердің қатты қысылмауы үшін жасалады, содан соң оны қайтадан зақымдалған аяққа орайды.

Қандай да бір қосалқы материал жоқ кезде иммобилизацияны зақымданған аяқ-қолды дененің сау мүшелеріне: қолды денеге төменгі жақты сау аяққа байлау арқылы жүргізген дұрыс. Содан соң, тез арада жергілікті ауруханаға дәрігер көмегіне жүгінуіңіз қажет немесе 103 нөмеріне хабарласып,жедел жәрдем шақыртуыңызға болады.

**Д.САЛИН,**
**Дәрігер-травматолог.**

# Құттықтау

**Ойыл селосының тұрғыны**
**Бақтығали Бектұрғанов!**
**ҚҰРМЕТТІ БАҚТЫҒАЛИ ҚОЗЫБАЙҰЛЫ!**

Адам боп жаралған соң оның өмір соқпағында еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, жеткен биіктігімен өркімнің өзіне тән ғұмыр жолы қалыптасады. Ол - адамдық қасиет, кісілік келбет, азаматтық тұлға, яғни Абайша айтсақ «көміл адам» келбеті.

70 - ке толған мерейлі шағыңызда ғибратлы биіктігіне шығарған абырой мен атақ та, мәртебе мен мансап та Сіздің адами болмысыңыздың ажырамас бөлігіне айналды. Өйткені, Сіз, өзіңіздің саналы ғұмырыңызды сол биіктіктерді бағындыру үшін арнадыңыз. Ұстаздық етумен бастаған еңбек жолыңыз ұлағатқа толы, тағылымның қайнарындай қанша шәкірттерді сусындатты. Олардың ішінен ғалым да, дана да, дара да, қоғам қайраткері де, ақыры соңы ұжданы биік азамат та қалыптасып шықты. Еліміздің білім беру саласын жетілдіруде өзіңіздің іскерлік қасиетіңізді, өмірлік тәжірибеңізді сарқа жұмсап, ұрпақ тәрбиесі мен кемел келешек үшін өлшеусіз зор үлес қостыңыз. Зейнеткерлік жасқа жеткеніңізге қарамастан Сізді қоғам қажет етіп, білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы болып 20 жылдай қызмет еттіңіз.

Еңбегіңіз еленді... Ескерусіз қалмады... Марапат пен мадаққа ие болдыңыз! Екі мәрте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталып, «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін», «Сала қызметкерлері кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері атандыңыз.

Ардақты жарыңыз- Ғалия апай екеуіңіз бақуатты ғұмыр кешіп, өткен күнге сауға айтып, келер күнді қуанышпен қарсы алып, шат- шадыман жүре беріңіз!

Сізге, зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды ғұмыр тілейміз!

*Игі тілекпен: А.Қазыбаев, А.Кенжебаев, М.Айдарбаев, А.Сәрсенбаев, М.Керей, С.Меруенов, Г.Избагамбетова және мектеп директорлары, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағалары.*

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Ойыл ауылының тұрғындары!**

2020 жылдың 11 наурыз күні сағат 15 $^{00}$ –де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ойыл ауылы Көкжар көшесі №69 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

*Күн тәртібіндегі мәселе:*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Ойыл ауылының атаусыз көшелеріне атау беру туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

**«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ**

# САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату.

Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) жеке тұлғалар - өздерінің мүлікті мемлекет пайдасына сыйға тарту өсиеттерін, шарттарын куәландырғаны үшін;

2) мемлекеттік мекемелер - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке тұлғалар - оларға:

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекеттік меншікті және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкіне;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнге мұра қалдырушымен кемінде үш жыл тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін де осы тұрғынжайда тұрып жатса, тұрғынжайға немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайға;

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне, мемлекеттік қарыз облигацияларына, еңбекке ақы төлеу сомаларына, авторлық құқықтарға, авторлық гонорар және ашқан жаңалықтар, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілер үшін сыйақы сомаларына;

ақталған азаматтардың мүлкіне мұрагерлік құқық туралы куәліктер бергені үшін;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі, қорғаншылар (қамқоршылар), мемлекеттік ұйымдар - туу туралы куәліктер тіркелгені және қайтадан берілгені үшін;

2) жеке тұлғалар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты азаматтық хал актілерінің жазбалары өзгертілген, толықтырылған, қалпына келтірілген және түзетілген кезде өздеріне куәліктер берілгені үшін;

3) жеке тұлғалар - туыстарының қайтыс болуы туралы куәліктер өздеріне қайтадан берілгені немесе бұрын берілгендерін ауыстырғаны үшін;

4) жеке тұлғалар - ұл бала (қыз бала) асырап алуға және өкесін анықтауға байланысты туу туралы куәліктер қайтадан берілгені үшін;

**Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы**